



# Жалағаш Жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## КОНСТИТУЦИЯ – ЖАСТАР ӘЛЕУЕТІН ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

«Заңы үстем елдің – болашағы берік, рухы асқақ». Бұл – ғасырлар сүзгісінен өткен ақиқат. Өйткені қандай мемлекеттің де баянды болуы ең алдымен оның заңдарының әділдігіне, қоғамның сол заңға деген құрметіне байланысты. Тәуелсіз Қазақстанның ең қастерлі құжаты – Конституция да дәл осындай ұлы құндылықтардың алтын арқауына айналды. Ол – мемлекетіміздің тұғырын бекіткен, елдік мұраттарды айқындаған, әрбір азаматтың құқығы мен бостандығына кепіл болған тарихи құжат.



Конституция – жай ғана заңдар жинағы емес. Ол – халықтың еркіннен туған өмірлік ұстаным, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімнің айқын көрінісі. Әрбір адамның өмір сүру құқығынан бастап, білім алуына, еңбек етуіне, еркін пікір білдіруіне дейінгі барлық құқықтық негіздер осы Ата Заңда көрініс тапқан. Сондықтан Конституция – әр қазақстандықтың өмірімен біте қайнасқан қастерлі құжат.

Бүгінгі таңда Қазақстанның ең басты байлығы – жас ұрпақ. Себебі елдің ертеңгі тағдыры олардың білімділігіне, отансүйгіштігіне, заңға деген құрметіне тікелей байланысты. Мемлекеттің тұрақты дамуы үшін жастардың құқықтық мәдениеті жоғары болуы аса маңызды. Заңды білетін, өз құқығы мен міндетін түсінетін жас қана қоғамның белсенді мүшесіне айналады.

Қазіргі Қазақстан жастары – жаңа дәуірдің өкілдері. Олар ақпараттық технологияны жетік меңгерген, әлемдік білім мен ғылымға ұмтылған, жаңашыл ойлайтын буын. Осындай қабілетті жастардың әлеуетін толық жүзеге асыру үшін мемлекет олардың құқықтарын қорғап, барлық мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі қажет. Мұның бәрінің құқықтық негізі – Конституция.

Ата Заң жастарға сапалы білім алуға, кәсіп таңдауға, шығармашылықпен айналысуға, қоғамдық жұмыстарға қатысуға, кәсіпкерлікпен айналысуға мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндіктердің барлығы заң жүзінде қорғалғандықтан ғана өз нәтижесін береді. Сондықтан Конституция – жастардың арманы мен мақсатына жетуіне жол ашатын сенімді кепіл.

Жастардың заңға деген құрметі – мемлекет тұрақтылығының кепілі. Заңды құрметтеген азамат өзгелердің де құқығын сыйлайды, қоғамдағы тәртіп пен татулықты сақталуына үлес қосады. Ал құқықтық мәдениеті қалыптасқан қоғамда әділет үстемдік етіп, жемқорлыққа, заң бұзушылыққа жол берілмейді. Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби әділетті қоғамның негізі заң екенін айтса, қазақтың билері де дауды заң мен әділдік арқылы шешкен. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәуке ханның Жеті жарғысы – қазақ халқының құқықтық санасының тереңдігін дәлелдейді. Бүгінгі Конституция сол тарихи сабақтастықтың жалғасы болып табылады.

Конституцияның қадірін жастарға түсіндіру – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Өйткені құқықтық сауаттылық мектеп қабырғасынан басталып, өмір бойы жалғасатын құндылыққа айналуы тиіс. Өз елінің Конституциясын қадірлеген жас тұрғындар, мемлекеттің рәміздерге де, ұлттық құндылықтарға да ерекше құрметпен қарайды. Осы мақсатта еліміздің барлық өңірлерінде жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған түрлі кездесулер, пікірталастар, форумдар мен тәрбиелік шаралар ұйымдастырылып келеді. Мұндай кездесулер жастардың заң жөніндегі білімін кеңейтіп қана қоймай, олардың ел болашағына деген жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Осындай тағлымды кездесулердің бірі аудандық Руханият орталығында өтті. Оған аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов қатысып, Ата Заңның ел дамуындағы тарихи рөліне кеңінен тоқталды. Ол Конституцияның мемлекетіміздің тұрақтылығы мен қоғамдық келісімін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басты кепілі екенін атап өтті.

Сонымен қатар жастардың қоғамдық өмірге белсенді араласуы, ел тағдырына бейжай қарамауы, заң талаптарын құрметтеуі – мемлекет болашағы үшін аса маңызды екенін тілге тиек етті. Себебі ел ертеңгі қалыптастыратын күш – бүгінгі жас буын. Кездесуде аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Әбәлі Төлеуай жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады. Оның айтуынша, жастардың заңды білуі, өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс түсінуі қоғамдағы белсенді азаматтық ұстанымның қалыптасуына негіз болады.

Жиында аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің маманы Жандос Бақыт спорт саласында жүрген жастардың тәртіпке, жауапкершілікке және заң талаптарын құрметтеуге ерекше мән беріуі қажеттігін айтты. Оның пікірінше спорт адамды жеңіске ғана емес, тәртіпке, табандылыққа және әділдікке тәрбиелейді. Ал бұл қасиеттердің барлығы Конституция қағидаларымен үндеседі.

Кездесу барысында жастар өз ойларын ортаға салып, Конституцияның қоғамдағы орны, құқықтық мәдениет, азаматтық жауапкершілік жөнінде пікір алмасты. Мұндай ашық диалог жастардың құқықтық сауатын арттыруға және олардың ел өміріне деген қызығушылығын күшейтуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда мемлекет жастарға үлкен сенім артып отыр. Жастар саясаты білім беру, ғылым, кәсіпкерлік, мәдениет, спорт, еріктілік сияқты көптеген бағыттарды қамтиды. Осындай мүмкіндіктердің барлығы Конституциямен қорғалғандықтан ғана нәтижелі жүзеге асуда.

Конституция – бейбіт өмірдің кепілі. Ол әр азаматтың ұлтына, тіліне, дініне қарамастан тең құқықта өмір сүруіне жағдай жасайды. Бірлік пен келісімнің арқасында ғана мемлекет өркендейді. Ал сол бірлікті сақтайтын басты күш – заң.

Заң үстемдік құрған қоғамда жастар өз қабілетін еркін дамытады, жаңа идеяларын жүзеге асырады, ғылым мен білімде, мәдениет пен спортта жоғары жетістіктерге жетеді. Сондықтан Конституция – тек бүгінгі емес, болашақтың да кепілі. Еліміздің әрбір жасы Ата Заңды құрметтеп, оның талаптарын өмірлік қағидаларына айналдырғанда ғана Қазақстанның келешегі кемел болмақ. Өйткені заңды сыйлаған ұрпақ – елін сүйетін ұрпақ. Ал елін сүйген азамат қашанда мемлекетінің өсіп-өркендеуіне қызмет етеді.

Конституция – Тәуелсіз Қазақстанның мәңгілік тұғыры. Ол қоғамдағы әділдік пен теңдіктің, бірлік пен тұрақтылықтың, даму мен жаңғырудың алтын арқауы болып қала бермек. Жастар осы асыл құндылықтарды бойына сіңіріп, заңға адал, Отанына берік азамат болып қалыптасқанда ғана еліміздің ертеңі жарқын, болашағы баянды болмақ.

### Еңбек адамы

## ҰЛТТЫҚ ҚӨЛӨНЕРДІ ҰЛЫҚТАҒАН

Әдеттегідей жұмыс сапарымен елді мекендердің тыныс-тіршілігімен танысу үшін әріптестерімізбен жолға шықтық. Бұл жолғы бағытымыз Мырзабай ахун ауылына түсті. Ауыл ішін аралап, тынысымен танысып жүргенімізде бір үйдің ауласында жанына нөмерлерін жиып, ұршық иіріп отырған ақ жаулықты ананы көзіміз шалды. Қолындағы ісіне ерекше ұқыптылықпен әрі ықыласпен берілген ананың жанына жақындап, алдымен сәлем бердік. Өзіміздің аудандық газеттен арнайы ауылға көлгенімізді айтып, аз-кем тілдесуге ниет білдірдік.



«ер адамның көзі түссе, киіздің ортасы бос қалады» деген ырым кең тараған. Сондықтан әйелдер бұл жұмысты өзара ғана атқарып, ежелден келе жатқан салт-дәстүрді қатаң ұстанған.

– Киіз басудың қыр-сырын енемнен үйрендім. Сол кісімен бірге көрші-қоланың, ағайын-туыстың үйіне барып, талай киіз бастық. Абысындарымызбен күн сайын киіз басатынбыз. Киіз басу барысында шиге салу, шабақтау, бет тарту, су себу, тебу, булау, білектену, қарпу секілді тәсілдер қолданылады. Жастау кезімізде елуге жуық киіз бастық. Қазір өкінішке орай, киіз басу өнері ұмытылып барады. Бүгінгі жастар киіз баспақ түгіл, оны үйіне төсеніс ретінде де пайдаланбайды, – дейді ол.

Кейіпкеріміздің бұл пікірімен келіспеу қиын. Расында, киіз басу – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі қолөнерінің бірі. Осы асыл мұраны дәріптеп, кейінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында кейіпкеріміз әлі күнге дейін үйіне киіз төсеп келеді. Оның айтуынша, бұл – ұлттық құндылықты күнделікті өмірде қолдану арқылы, жастарды өнерге, еңбекке баулу. Бүгінде шаңырағында жастық шағында өз қолымен басқан төрт киіз сақтаулы тұр. Мұнан бөлек, кейіпкеріміз

### Еңбек адамы



## ӨМІР ЖОЛЫ ӨНЕГЕ

Дайынға иек артпай, адал еңбекпен есейген ұрпақтың бірі – Мейрамбек Мұстафаев. Балалық шағы ауылдың қарапайым тіршілігімен өрілген. Таңнан кешке дейін қорадағы төрт түліктің жайын күйттеп, малдың бабын жасау күнделікті дағды еді. Ол кезде мал ауырса дәрігер іздеу қиын, сондықтан әркім қолынан келген емін жасап, аман алып қалуға тырысатын. Уақыт өте келе осы өмірлік тәжірибе ғылыммен ұштасып, ветеринария заманауи әрі маңызды мамандыққа айналды. Бүгінде елімізде жыл сайын 1300-ге жуық жас ветеринарлық білім алып шығады. Ал осы саланың дамуына жылдар бойы адал еңбекпен үлес қосқан кейіпкеріміз бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған ардагер маманның бірі.

Бір кезеңде ауыл шаруашылығында – колхоздар мен совхоздарда, сондай-ақ зауыт-фабрикаларда кенінде бір-екі жыл адал еңбек етіп, озат атанған жұмысшыларға, шопандар мен механизаторларға жоғары білім алуға жол ашатын арнайы жолдама-алар берілетін. Мұндай мүмкіндік әскери борышын абыроймен өтеп келген жастарға да жиі ұсынылатын. Жолдаманы келген талапкерлер бір жыл бойы дайындық бөлімінде білімдерін толықтырып, мектеп бағдарламасын қайталап, институтқа түсуге тыңғылықты әзірленеді. Осы уақыт ішінде үздік нәтиже көрсетіп, қорытынды сынақтарды сәтті тапсырған жастар жалпы конкурста қатыспай-ақ, институттың бірінші курсына студент болып қабылданатын. Бұл жүйе ауылдан шыққан талапты жастар мен еңбек адамдарының жоғары білімге қол жеткізуіне үлкен мүмкіндік сыйлайды. Осындай жолмен Алматы зооветеринариялық институтының студенті атанған талай жас кейін елге танымал ветеринар, зоотехник, шаруашылық басшысы болып орналасты. Кейіпкеріміз де солардың қатарында. Әскер қатарында азаматтық борышын абыроймен өтеп келгеннен кейін, осы жолдаманың арқасында армандаған мамандығына қадам басып, өмірінің жаңа белесіне бастаған.

Әкесі Ешпан ауылда күрішіші болып еңбек еткен, маңдай тердің қадірін жақсы білетін жан. Ұлының болашағын ойлаған әке «Мал дәрігері мамандығын оқы, оның еңбегі жолы атқарған лауазымдарымен емес, артында қалған адал ісімен, ел құрметіне бөленген азаматтық болмысымен бағалы болып қала бермек. Еңбекпен есейіп, ел сеніміне ие болған азаматтық табанды тірлігі қашанда жоғары бағаланып келеді. Саналы ғұмырын саланың өркендеуіне арнаған оның еселі еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Алғыс хатымен», Қызылорда облысы ауыл шаруашылығы қызметкерлері салалық кәсіподағының «Құрмет» грамотасымен, сондай-ақ аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталған.

Бүгінде ол зейнеттің бейнетсіз күнін кешіп, үл мен қызынан өрбеген ұрпағының ортасында немерелерінің қызығына кенеліп отыр. Әңгіме барысында төрде ілулі тұрған домбыраға қайта-қайта көзім түсті. Орайын келтіріп сұхбат соңына «Домбыра тартасыз ба?» да, шыжығы да қатар жүреді. Басқа жұрт мереке күндері демалыста от-басымен уақыт өткізсе, мал дәрігері үшін ондай ұғым көбіне шартты ғана. Өйткені мал ауруы күн мен уақыт күтпейді.

– Бізде бейқам тынығу деген атымен жоқ. Мал ауырмай тұрмайды. Бірақ оның алдын алудың жолы бар. Уақытында салынатын он алты түрлі екпе бар. Соның бәрі өз мерзімінде жүргізілсе, көп жағдайда малды аман алып қалуға болады. Шамамен 1986 жылдар. Сол тұста елге Беларусьтен симментал асыл тұқымды ірі қаралары вагондап әкеліне бастады. Жаңа тұқымның

Гүлжан ЕСЖАН

Сезім НҰР

## ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ АУДАНДЫҚ ЖӘНЕ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағына, 17-бабының 2-тармағына сәйкес және «Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына, «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасының Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 1 шілдедегі №26/41 қаулысына сәйкес Жалағаш ауданының аудандық және учаскелік сайлау комиссияларының құрамын, орналасқан жері және жұмыс уақытын хабарлаймыз.

### Жалағаш ауданының аудандық сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі, №32, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты  
Телефоны: 8(72431) 31-7-19, 8(72431) 31-4-04.  
Эл пошта: tic\_kzl\_zhl@saylau.kz  
Комиссия төрағасы – Қалыбаев Шарабан Максұтович  
Төрағаның орынбасары – Доспанов Танатар Сағалович

Хатшы – Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы  
Комиссия мүшелері – Байымбет Нұрлан Ержанұлы, Бектаева Ақбөпе Алмасқызы, Кенжеғара Ержас Темірханұлы, Кулумбаева Асия Мырзабековна.  
Аудандық сайлау комиссиясының жұмыс уақыты: 09.00-19.00, 13.00-15.00 - түскі үзіліс.

### №128 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №7, Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Қонысбек Қазантаев атындағы Мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.  
Телефоны: 8(72431)31-5-40.  
Комиссия төрағасы – Дүйсенбиева Бибиасия Аманжоловна

Төрағаның орынбасары – Есетов Аслан Рашидұлы  
Хатшы – Тұрабаева Айгүл Әбүтәліпқызы  
Комиссия мүшелері – Бақытбек Мирас Бақытбекұлы, Сағындықова Нұргүл Жалғасқызы, Қайкиева Жанагүл Үсембайқызы, Мендибаева Улмекен Абилтаевна.

### №129 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Жеңістің 50 жылдығы көшесі №20, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің “№202 Зейнолла Жарқынбаев атындағы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
Телефоны: 8(724 31) 21-0-71.  
Комиссия төрағасы – Сапанов Орныккан Шертаевич  
Төрағаның орынбасары – Нургалиева Айкен Сайдахметовна

Хатшы – Рүстемова Айгерім Қыстаубайқызы  
Комиссия мүшелері – Ахметова Айнұр Исканова, Әдішова Гүлзира Төребекқызы, Елибаева Шолпан Амангельдиевна, Есназаров Миранбек Аймағанбетович, Серікбаева Дина Тұрғанбайқызы, Узакбаева Злиха Муратовна.

### №130 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Қазыбек би көшесі №40, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№31 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
Телефоны: 8(724 31) 32-5-74.  
Комиссия төрағасы – Құрманалиева Анар Медерханқызы  
Төрағаның орынбасары – Сатова Куралай Кенесовна  
Хатшы – Онгарбаева Мадина Орынбасаровна  
Комиссия мүшелері – Ешбанова Айна Тұрғанқызы, Сағындық Руслан Сағынбайұлы, Смаилов Рахимжан Маратович, Төлегенов Нұртас Төлегенұлы.

### №131 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Мөрәлі Шәменов көшесі №124, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің “Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
Телефоны: 8(724 31) 32-3-17  
Комиссия төрағасы – Айбусинова Айнуір Шингисовна  
Төрағаның орынбасары - Сарсенов Алтынбек Балтабайұлы  
Хатшы – Байтохаева Жадыра Сарсенказиевна  
Комиссия мүшелері – Жанқуанышев Мырзабек Қартқожаұлы, Мырзалиев Әлішер Ғабитұлы, Сағындықов Нұрбек Берікұлы, Ізен Назерке Маратқызы.

### №132 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Абай көшесі

№61, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің “Шеркер Ермағанбетова атындағы №246 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
Телефоны: 8(724 31) 32-5-80  
Комиссия төрағасы – Амандық Нұржан Райсулы  
Төрағаның орынбасары – Дүйсенбай Жанар Базартайқызы  
Хатшы – Прмағанбетова Манат Узакбаевна  
Комиссия мүшелері – Астанақұлова Гүлнәз Асқарқызы, Еділбайұлы Нұрбол, Қоңратбай Аружан Талғатқызы, Шуакбаев Сейлхан Науқанбаевич.

### №133 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: М.Шәменов ауылдық округі, М.Шәменов ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №6, М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының «М.Шәменов ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.  
Телефоны: 8 (724 31) 37-6-06  
Комиссия төрағасы – Досжанов Ерболат Бақытжанұлы  
Төрағаның орынбасары – Есетов Кенжебек Сарбасұлы  
Хатшы – Қарақаева Бекзат Бүркітбайқызы  
Комиссия мүшелері – Нағизбекова Гульнар Ибраевна, Сейтжанова Тамара Қожамуратовна.

### №134 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Қаракеткен ауылдық округі, Қаракеткен ауылы, Абай Құнанбаев көшесі №26, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№114 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
Телефоны: 8 (724 31)37- 4-01  
Комиссия төрағасы – Наурызбаев Ерболат Сабырович,  
Төрағаның орынбасары – Жанабаева Құлдарай Сарсенбаевна,  
Хатшы – Есқалиева Гүлзат Сағынтайқызы  
Комиссия мүшелері – Қаналиев Нұржан Мақсұтұлы, Тұрған Азамат Сәбитұлы.

### №135 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылы, Далдабай Жалтынов көшесі №49, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№115 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
Телефоны: 8 (724 31)40-4-03  
Комиссия төрағасы – Рыспанов Қудайберген Абеневич  
Төрағаның орынбасары – Оразалиев Орынтай Дериписалиевич  
Хатшы – Нысанбай Индира Маратқызы  
Комиссия мүшелері – Қарабай Бағлан Арубайұлы, Омаров Қасымхан.

### №136 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Таң ауылдық округі, Таң ауылы, Орынбай жырау көшесі №14, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№118 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
Телефон: 8 (724 31) 37-1-45  
Комиссия төрағасы – Әбдиев Нұрбек Мұратұлы  
Төрағаның орынбасары – Ізбасарұлы Арман Хатшы – Жанибекова Жанат Амирбековна  
Комиссия мүшелері – Есжанов Жақсыбек Оразбекұлы, Садуова Жамила Нұрылдаевна.

### №138 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Бұқарбай батыр ауылдық округі, Бұқарбай батыр ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №21, Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының “Бұқарбай батыр ауылдық Мәдениет үйі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.  
Телефоны: 8 (72431)36-2-16  
Комиссия төрағасы – Ибраев Дәурен Сәбитұлы  
Төрағаның орынбасары – Оразбек Мейірбек Оразбекұлы  
Хатшы – Ешмаханова Ақмарал Танкаевна  
Комиссия мүшелері – Есқалиева Нұржайна Елеусінқызы, Жұбанова Жанар Әбушәкімқызы, Жұбанова Шарайна Избасаровна, Садықова Надежда Мерғалиевна.

### №139 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылы, Тұршәбек Елеусінов көшесі №14, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№116 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
Телефоны: 8 (72431)22-0-25  
Комиссия төрағасы – Орынбасарова Индира Нағашыбаевна  
Төрағаның орынбасары – Боранқұлова Жанар Оразбайқызы  
Хатшы – Қалыбай Нұрбала Әбілқарімқызы  
Комиссия мүшелері – Бектибаева Гульнұр

Бакытбековна, Темірхан Нұртуған Мұхамбетжанұлы, Шайхиева Айгүл Тыныбековна, Этезова Сауле Абдуллахқызы.

### №140 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Аққыр ауылдық округі, Аққыр ауылы, Нұрылда Таспенев көшесі №4, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№188 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
Телефоны: 8 (724 31) 41-3-63  
Комиссия төрағасы – Бектұр Мардан Болатбекұлы  
Төрағаның орынбасары – Сисенова Шынаркуль Каипназаровна  
Хатшы – Қуттыбаева Майра Келдибековна  
Комиссия мүшелері – Қошқарбай Асылхан Молдамұратұлы, Өтешова Инабат Сағындыққызы.

### №141 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Жаңаталап ауылдық округі, Жаңаталап ауылы, Әбжәлел Қожабаев көшесі №21, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№119 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
Телефоны: 8 (724 31) 41-1-42  
Комиссия төрағасы – Абжамилев Курманғазы Жағипарович  
Төрағаның орынбасары – Бегманова Алия Амантаевна  
Хатшы – Әбілтаева Жазира Амантайқызы  
Комиссия мүшелері – Аптихалова Гульмира Жумағалиевна, Сарымбетова Майра Ақзамовна.

### № 142 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Мақпалкөл ауылдық округі, Темірбек Жүргенов ауылы, Мақсұт Нұрылдаев көшесі №38, Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратының «Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.  
Телефоны: 8(724 31) 35-1-00  
Комиссия төрағасы – Ембергенов Еркін Бухарбаевич  
Төрағаның орынбасары – Қызбалаев Молыбек Заркумович  
Хатшы – Байниязов Галимбек Кантаевич  
Комиссия мүшелері – Исова Гүлнар Абатовна, Қалданова Құлпаш, Мауқенова Райкуль Женисбековна, Нұрылдаев Улықбек Махсұтович.

### №144 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Мәдениет ауылдық округі, Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №11 «А», Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының «Мәдениет ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.  
Телефоны: 8(724 31) 35-4-90  
Комиссия төрағасы – Жұбатқанов Бағлан Сапабекұлы  
Төрағаның орынбасары – Болатбеков Оралжан Болатбекұлы  
Хатшы – Жанибекова Гульжан Жетписбаевна  
Комиссия мүшелері – Байтақов Нұрсұлтан Молдашбекұлы, Дилдабекова Гүлнар Мағлумовна, Жанаева Гүлжанат Кенжебекқызы, Бұйраев Абылай Ғабитұлы.

### №146 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Мырзабай ахун ауылдық округі, Мырзабай ахун ауылы, Әбділда Жүргенбаев көшесі №28, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№122 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
Телефоны: 8(72431) 41-3-25  
Комиссия төрағасы – Нұратаева Гаухар Турабаевна  
Төрағаның орынбасары – Қуаңбаева Гүлстан Орынбекқызы  
Хатшы – Маханбет Нұрым Жұмабекұлы  
Комиссия мүшелері – Тілеу Салтанат Аманжолқызы, Жармаханов Аблахат Жолдасбайұлы.

### №147 учаскелік сайлау мкомиссиясы

Орналасқан жері – Аққұм ауылдық округі, Аққұм ауылы, Бейбітшілік көшесі №97 «А», Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратының «Аққұм ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.  
Телефоны: 8(724 31) 38-3-88  
Комиссия төрағасы – Ибраев Абзал  
Төрағаның орынбасары – Кузеков Байғасыр Умиртаевич  
Хатшы – Сарсенбаева Айдын Қуанышбаевна  
Комиссия мүшелері – Төлеміс Рауан Маратқызы, Ембергенов Болатбек Қожантаевич, Қоздыбаева Рая Турмахановна, Рысмаханова Гульдана Берикболовна.

### №149 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Еңбек ауылдық округі, Еңбек ауылы, Төлеген Дәуітбаев көшесі №95, Еңбек ауылдық

округі әкімі аппаратының «Аққошқар ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Телефоны: 8(724 31) 33-1-17  
Комиссия төрағасы – Бейсенбаев Руслан Асылбекұлы  
Төрағаның орынбасары – Жарылқасын Жомарт Талапұлы  
Хатшы – Ауқенова Маржан Айтмағамбетовна  
Комиссия мүшелері – Жылқайдар Ақерке Бексейітқызы, Көлбаева Алтынай Әділжанқызы, Қарабай Мақсат Төребекұлы, Маликова Шолпан Жарымбетовна.

### №151 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Аламесек ауылдық округі, Есет батыр ауылы, Кенесбай Әбішов көшесі №26, Аламесек ауылдық округі әкімі аппаратының «Есет батыр ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.  
Телефоны: 8(724 31) 34-3-21  
Комиссия төрағасы – Айтимов Абдикайыр  
Төрағаның орынбасары – Теміржан Шынболат Жұмабекұлы  
Хатшы – Науханбаева Лаззат Абдуллаевна  
Комиссия мүшелері – Аманкелді Нұрбек Аманкелдіұлы, Әбдімәлікұлы Нариман, Ермаханов Нұрғазы Жақсылықұлы, Кенжебаева Ақерке Нұрсұлтанқызы.

### №152 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жаңадария ауылдық округі, Жаңадария ауылы, Достық көшесі №20, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№203 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
Телефоны: 8(724 31) 42-3-46  
Комиссия төрағасы – Жанашова Элеонора Ыбашовна  
Төрағаның орынбасары – Пирназарова Бекзат Ганиевна  
Хатшы – Жұматаева Айкерим Алиасқаровна  
Комиссия мүшелері – Айжанова Айсулу Айнадиновна, Еркінбаева Эльмира Наржігітқызы, Пирманов Жанабек Зейноллаевич, Пирназаров Жумағали Ганиевич.

### №153 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жалағаш кенті, Айымкүл Ізтелеуова көшесі №18, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
Телефоны: 8(724 31) 32-5-86  
Комиссия төрағасы – Мыханова Айнұр Санибековна  
Төрағаның орынбасары – Төралиев Ғафур Әскербекұлы  
Хатшы – Омаров Берікбол Сәбитұлы  
Комиссия мүшелері – Буржитбаев Ермек Алпысбаевич, Жарасбаева Айгүл Керейтаевна, Канатбаева Гульжамал Қартанбаевна, Тұрсынбаева Мадина Бахытбековна.

### №377 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жалағаш кенті, Нефтебаза көшесі №1 «А», Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының полиция департаменті «Жалағаш ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесінің уақытша ұстау изоляторының ғимараты.  
Комиссия төрағасы – Ермаханов Галымбек Қырбаевич  
Төрағаның орынбасары – Жанашев Ғалым Ерболұлы  
Хатшы – Кулумбаев Гани Нұрханович  
Комиссия мүшелері – Ахылов Нұрғиса Сұлтанбекұлы, Әбілқасымов Олжас Әбтықалықұлы.

### №378 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері – Жалағаш кенті, Нығымет Мырзалиев көшесі №73, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жалағаш аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.  
Телефоны: 8(724 31) 21-6-53  
Комиссия төрағасы – Құттымбетова Эльмира Мергенбайқызы  
Төрағаның орынбасары – Маханбетова Аманкуль Утегеновна  
Хатшы – Төбетбаева Әсел Шоманқызы  
Комиссия мүшелері – Баймаханова Ирина Умирзаковна, Мәделханова Гульмира Онайбековна.  
Учаскелік сайлау комиссиясының жұмыс уақыты: 2026 жылғы 2 тамыздан бастап 09.00-19.00, 13.00-15.00 - түскі үзіліс.

**Жалағаш ауданының аудандық сайлау комиссиясы**

## ПОЛИЦЕЙ – ЕЛ ҚОРҒАНЫ

*Тәртіпке бағынған елдің ана енесі биік, тұғыры берік болады». Бұл – уақыт дәлелдеген ақиқат. Қай қоғамда болсын тыныштық пен тұрақтылықтың тірегі – заң. Ал сол заңның орындалуын қамтамасыз етіп, халықтың қауіпсіздігін күзететін абыройлы мамандық иелері – полиция қызметкерлері. Олар – күндіз-түні тыным таппай, ел тыныштығын күзетіп, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауды өмірлік міндетіне айналдырып келе жатыр.*



«Полицей – менің қорғамын» деген сөздің астарында үлкен мән жатыр. Өйткені әрбір адам өзін қауіпсіз сезінуі үшін бірнеше өз өмірін қауіп-қатерге тігіп қызмет етеді. Қоғам тыныштығы үшін тәулік бойы қызмет атқарады. Қарапайым халық алаңсыз ұйықтап жатқанда, тәртіп сақшылары көшелерді күзетіп, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Тәуелсіз Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуында полиция қызметінің орны ерекше. Ел Президенті әрдайым заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету – мемлекет дамуының басты шарты екенін айтып келеді. Өйткені заң үстемдік құрған жерде ғана әділдік орнайды, қоғам дамиды, халықтың мемлекетке деген сенімі артады.

Полиция қызметі – сырт көзге қарапайым көрінгенмен, үлкен жауапкершілік пен батылдықты талап ететін мамандық. Қылмыстың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, із-түзсіз жоғалған адамдарды іздестіру, табиғи апаттар мен төтенше жағдайларда халыққа көмек көрсету – мұның бәрі тәртіп сақшыларының күнделікті қызметінің бір бөлігі ғана.

Полицейдің басты қаруы – қару-жарағы емес, оның заңды жетік білуі, адамгершілігі, сабырлылығы мен кәсіби біліктілігі. Нағыз полиция қызметкері ең алдымен халыққа қызмет етуді өзінің азаматтық борышы деп санайды. Қоғам тыныштығы – мемлекеттің ең үлкен байлығы. Бүгінгі полиция қызметкерлері заманауи технологияларды меңгеріп, қылмыспен күрестің жаңа тәсілдерін қолдануда. Бейнебақылау жүйелері, цифрлық технологиялар, жедел ақпарат алмасу қызметінің

тиімділігін арттырып келеді. Дегенмен қандай техника болса да, адамның адалдығы мен кәсібилігін алмастыра алмайды. Полицей болу – тек қызмет емес, бұл – анта адалдық. Ант қабылдаған әрбір қызметкер ел мен халық алдындағы жауапкершілікті жүрегімен сезінеді. Ол өз өмірін тәуекелге тігіп, өзгенің өмірін сақтап қалуға әрдайым дайын тұрады. Тәртіп сақшылары түрлі төтенше жағдайларда алғашқылардың бірі болып оқиға орнына жетеді. Олар апат кезінде адамдарды құтқарады, қоғамдық тәртіпті қалпына келтіреді, қиын жағдайда қалған жандарға қол ұшын созады. Мұндай сәттерде олардың батылдығы мен кәсіби шеберлігі айқын көрінеді.

Полиция қызметінің тағы бір маңызды бағыты – жастармен жұмыс. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заңға құрмет сезімін тәрбиелеу – болашақ қоғам үшін маңызды міндет. Заңды сыйлаған ұрпақ – елдің ең сенімді тірегі.

«Заң – бәріне ортақ» деген қағида полиция қызметінің негізгі ұстанымы болып қала береді. Әрбір азамат заң алдында тең. Сондықтан құқық қорғау органдары әділдік пен заңдылықты қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етеді. Халық пен полиция арасындағы өзара сенім – қауіпсіз қоғамның негізі. Азаматтар тәртіп сақшыларын серіктесі, қорғаны ретінде қабылдаған кезде ғана құқық бұзушылықтың алдын алу тиімді болады. Себебі қоғамдық қауіпсіздік – бір ғана полицияның емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

«Ел тыныштығы – ең қымбат қазына». Осы қазынаны қорғап жүрген полиция қызметкерлерінің еңбегі қандай құрметке де лайық. Олар елдің әрбір тұрғыны өзін қауіпсіз сезінуі үшін күн сайын қызмет атқарады. Бүгінгі полицей – батылдықтың, адалдықтың және жауапкершіліктің символы. Оның қызметі тек қылмыспен күресу емес, адам тағдырын қорғау, әділдікті орнату, бейбіт өмірдің тыныштығын сақтау.

«Полицей – менің қорғамын» деген – жай ғана сөз емес. Бұл – халықтың тәртіп сақшыларына деген сенімі мен құрметінің көрінісі. Заңға адал, қызметіне жауапты полиция қызметкерлері барла еліміздің тыныштығы берік, болашағы жарқын болмақ.

Ендіше, ел амандағы жолында аянбай еңбек етіп жүрген тәртіп сақшыларына құрмет көрсету – әрбір азаматтың парызы. Себебі олар – заңның қалқаны, әділдіктің айнасы, ел тыныштығының сақшылары. Ал тыныштық бар жерде – береке бар, бірлік бар, жарқын болашақ бар.

**Абзал СЕРАЛИЕВ,**  
аудандық полиция бөлімі  
бастығының орынбасары

## 2026 ЖЫЛДЫҢ 23 ТАМЫЗЫНА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНА ОРАЙ «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ОБЛЫСТЫҚ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ, АУДАНДЫҚ ГАЗЕТТЕРІНЕ, АҚПАРАТТЫҚ АГЕНТТІКТЕРІНЕ ЖӘНЕ «KYZYLORDA-NEWS.KZ» АҚПАРАТТЫҚ АГЕНТТІГІНЕ САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ БОЙЫНША ӨЗ ҚЫЗМЕТ ҚҰНЫН ҰСЫНАДЫ

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылым аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері. Таралымы – 19007 дана.

Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылым аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері. Таралымы – 4535 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны облыстық «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

Республикалық «Ақмешіт жастары» газеті аптасына 1 рет шығады: бейсенбі күні. Таралымы – 4457 дана.

Бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде:

- бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге;
- ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге;
- ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Қалалық және аудандық газеттер бойынша: Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы», Арал аудандық «Толқын», Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы», Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы», Шиели аудандық «Өскен өңір», Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газеттерінің ақпараттық агенттіктеріне (сайт) үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Прөбелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылды, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 атта); 400 x 800 px – 8000 теңге (1 атта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге  
Stories – 8000 теңге  
TikTok: Video – 10000 теңге  
Stories – 8000 теңге  
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

\*\*\*  
«Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Прөбелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылды, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 атта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 атта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге  
Stories – 10000 теңге  
TikTok: Video – 15000 теңге

\*\*\*  
Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің ақпараттық агенттіктеріне (сайт) үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Прөбелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылды, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 атта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 атта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге  
Stories – 10000 теңге  
TikTok: Video – 15000 теңге

\*\*\*  
Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің ақпараттық агенттіктеріне (сайт) үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Прөбелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылды, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 атта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 атта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге  
Stories – 10000 теңге  
TikTok: Video – 15000 теңге

### БАҚҰЛ БОЛ, АЯУЛЫ АРДАГЕР

2026 жылы 7 шілдеде саналы ғұмырын адал еңбекке, ел игілігіне арнаған, Аламесек ауылдық округінің әйелдер кеңесінің төрайымы, ауылдың бірінші мен отбасы құндылықтарын насихаттауға үлесін қосқан ардақты жан Жаханова Гүлсім Мұстафақызы дүниеден өтті. Оның жарқын бейнесі, адамгершілік болмысы мен еңбекүйшілігі – кейінгі буынға өнеге.

Жаханова Гүлсім Мұстафақызы 1957 жылы 18 мамырда Аламесек ауылдық округінде дүниеге келген. 1974 жылы №124 орта мектепті тәмамдап, Қызылорда қаласындағы совхоз-техникумының зоотехния бөлімін бітіріп, еңбек жолын зоотехник болып бастаған. Кейін ұзақ жылдар бойы №124 орта мектепте директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқарып, адал еңбегімен елдің құрметіне бөленді.

Гүлсім Мұстафақызы қай қызметте жүрсе де жауапкершілігімен, адамгершілік қасиетімен және қарапайым болмысымен көпшілікке үлгі болды. Оның жарқын бейнесі, өнегелі ғұмыры мен елге сіңірген еңбегі халық жанында мәңгі сақталады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын!

Аламесек ауылдық округі әйелдер кеңесінің төрайымы, ардақты жан Жаханова Гүлсім Мұстафақызы дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

**А.Ибраимов, О.Елеусинов, Ө.Шаймағанбетов, С.Әліев, Қ.Құлмахан, Ө.Байнахатов, Ғ.Сүлейменов, Ғ.Рахатов, Ж.Дүісекеев, Ж.Есенбет, Ө.Абсатова, Д.Тәжібаев**



## ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ БОЙЫНША САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ МЕН САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ

«2026 жылы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнітiзбелiк жоспарын бекiту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 1 шiлдесiнде №26/41 қаулысының 2 тармағына және Жалағаш ауданы әкiмiнiң «Жалағаш ауданының аумағында сайлау учаскелерiн құру туралы» 2018 жылғы 7 қарашадағы №18 шешiмiне сәйкес сайлау учаскелерiнiң шекаралары туралы хабарлаймыз.

**№128 учаске**  
**Орналасқан жері:** Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №7, "Жалағаш ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Қонысбек Қазантаев атындағы Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.  
**Шекарасы:** Абай көшесінің тақ жағындағы №1-59, жұп жағындағы №2-58 үйлер;  
Әйтеке би көшесінің тақ жағындағы №13-55, жұп жағындағы №12-44 үйлер;  
Аманкелді Иманов көшесінің тақ жағындағы №1-13, жұп жағындағы №2-26 үйлер;  
Бұқарбай Естекбайұлы көшесінің тақ жағындағы №1-105, жұп жағындағы №2-124 үйлер;

Желтоқсан көшесінің тақ жағындағы №1-23, жұп жағындағы №2-34 үйлер;  
Қазыбек би көшесінің тақ жағындағы №1-77, жұп жағындағы №2-56 үйлер;  
Нысанбай жырау көшесінің тақ жағындағы №49-93, жұп жағындағы №46-96 үйлер;  
Темірбек Жүргенов көшесінің тақ жағындағы №39-75, жұп жағындағы №50-102 үйлер;  
Төле би көшесінің тақ жағындағы №1-13, жұп жағындағы №2-26 үйлер;  
Төлеубай Үркімбаев көшесіндегі үйлер;  
Жамбыл Жабаев көшесіндегі үйлер;  
Сәрке батыр көшесінің тақ жағындағы №1-5, жұп жағындағы №2-18 үйлер;  
ДЭУ көшесіндегі үйлер;  
Кали Нұрпейісов көшесіндегі үйлер;  
Мұбарак Тәйтiков көшесіндегі үйлер.

**№129 учаске**  
**Орналасқан жері:** Жалағаш кенті, Жеңістің 50 жылдығы көшесі №20, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің" №202 Зейнолла Жарқынбаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

**Шекарасы:** Амандық Бектібаев көшесіндегі үйлер;  
Әлия Молдағұлова көшесіндегі үйлер;  
Айтбай Қазбеков көшесіндегі үйлер;  
Ақназар Бектасов көшесіндегі үйлер;  
Алиулла Байсопақов көшесіндегі үйлер;  
Ғани Мұратбаев көшесіндегі үйлер;  
Дәуімбай көшесіндегі үйлер;  
Ердаулет Құрманбаев көшесіндегі үйлер;  
Ілияс Нұрқенов көшесіндегі үйлер;  
Жаңа көшесіндегі үйлер;  
Жеңістің 50 жылдығы көшесіндегі үйлер;  
Зияда Ижанов көшесіндегі үйлер;  
Конституция көшесіндегі үйлер;  
Қаныш Сәтпаев көшесіндегі үйлер;  
Келменбет Батыр көшесіндегі үйлер;  
Мәншүк Мәметова көшесіндегі үйлер;  
Мысық би көшесіндегі үйлер;  
Нәзтай Сермаханова көшесіндегі үйлер;  
Несіпбай Оғрұзов көшесіндегі үйлер;  
Иван Панфилов көшесіндегі үйлер;

Сәкен Сейфуллин көшесіндегі үйлер;  
Тілек Әбжаниев көшесіндегі үйлер;  
Шоқан Уәлиханов көшесіндегі үйлер;  
Ыбырай Алтынсарин көшесіндегі үйлер;  
Ыбырай Алтынсарин тұйық көшесіндегі үйлер.

**№130 учаске**  
**Орналасқан жері:** Жалағаш кенті, Қазыбек би көшесі №40, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің" №31 мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
**Шекарасы:** Абдулла Нұрғалиев көшесіндегі үйлер;  
Аяған Боханов көшесіндегі үйлер;  
Дауылбай Байниязов көшесіндегі үйлер;  
Досбол Қуанбаев көшесіндегі үйлер;  
Жұбатыр Тоқбосынов көшесіндегі үйлер;  
Махметхан Әбішев көшесіндегі үйлер;  
Орынбай Сарманов көшесіндегі үйлер;  
Өмірзақ Тұңғышбаев көшесіндегі үйлер;  
Пірман Жылқелиев көшесіндегі үйлер;  
Сауда Орманов көшесіндегі үйлер;  
Нефтебаза көшесіндегі үйлер;  
ПМК-9 көшесіндегі үйлер.

**№131 учаске**  
**Орналасқан жері:** Жалағаш кенті, Морәлі Шәменов көшесі №124, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің" «Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

**Шекарасы:** Айымкүл Ізтелеуова көшесінің тақ жағындағы №55-95, жұп жағындағы №52-106 үйлер;  
Алдабергенов Бисенов көшесінің тақ жағындағы №13-39, жұп жағындағы №18-20 үйлер;  
Әбісқен Әбжаппаров көшесіндегі үйлер;  
Байбол Соппек көшесінің тақ жағындағы №5-11, жұп жағындағы №8-12 үйлер;  
Ілияс Қабылов көшесіндегі үйлер;  
Исатай Әбдікәрімов көшесіндегі үйлер;  
Кенжебай Рахимов көшесіндегі үйлер;  
Морәлі Шәменов көшесінің тақ жағындағы №95-179, жұп жағындағы №94-170 үйлер;  
Нұрылда Әлмағанбетов көшесінің тақ жағындағы №15-21, жұп жағындағы №2-10 үйлер;

Нығмет Мырзаліев көшесінің тақ жағындағы №57-85 үйлер, жұп жағындағы №46-114 үйлер;  
Нысанбай жырау көшесінің тақ жағындағы №95-175, жұп жағындағы №98-186 үйлер;  
Өмірбай шешен көшесінің тақ жағындағы №25-51/2, жұп жағындағы №20-30 үйлер;  
Сақыбай Қалыбаев көшесінің тақ жағындағы №9-87, жұп жағындағы №2-82 үйлер;  
Сәрсенбай Ахметов көшесіндегі үйлер;  
Сейтнәби Мұқашев тұйық көшесіндегі үйлер;  
Сырмағамбет Отарбаев көшесінің тақ жағындағы №31-35, жұп жағындағы №48-50 үйлер;  
Темірбек Жүргенов көшесінің тақ жағындағы №77-173, жұп жағындағы №104-190 үйлер;  
Тоғанас батыр көшесінің тақ жағындағы №27-53, жұп жағындағы №16-38 үйлер.

**№132 учаске**  
**Орналасқан жері:** Жалағаш кенті, Абай көшесі №61, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің" "Шекер Ермағанбетова атындағы №246 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік

мекемесінің ғимараты.  
**Шекарасы:** Абай көшесінің тақ жағындағы №61-115, жұп жағындағы №60-152 үйлер;  
Айтбай Күзенбаев көшесіндегі үйлер;  
Алдабергенов Бисенов көшесінің тақ жағындағы №1-11, жұп жағындағы №2-16 үйлер;  
Ахмет Тілеулиев тұйық көшесіндегі үйлер;  
Әйтеке би көшесінің тақ жағындағы №57-159, жұп жағындағы №46-146 үйлер;  
Байбол Соппек көшесінің тақ жағындағы №1-3, жұп жағындағы №2-6 үйлер;  
Болат Алтынбаев көшесіндегі үйлер;  
Бұқарбай Естекбайұлы көшесінің тақ жағындағы №107-203, жұп жағындағы №126-240 үйлер;  
Зордан Салықбаев тұйық көшесіндегі үйлер;  
Қазыбек би көшесінің тақ жағындағы №79-89/2, жұп жағындағы №58-62 үйлер;  
Нұрылда Әлмағанбетов көшесінің тақ жағындағы №1-13 үйлер;  
Өмірбай шешен көшесінің тақ жағындағы №1-23 үйлер, жұп жағындағы №2-18 үйлер;  
Тоғанас батыр көшесінің тақ жағындағы №1-25, жұп жағындағы №2-14 үйлер;  
Төле би көшесінің тақ жағындағы №15-85, жұп жағындағы №28-96 үйлер;  
Төлеген Қыстаубаев көшесінің тақ жағындағы №1-23, жұп жағындағы №2-22 үйлер.

**№133 учаске**  
**Орналасқан жері:** М.Шәменов ауылдық округі, М.Шәменов ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №6, "М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының" "М.Шәменов ауылдық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.  
**Шекарасы:** М.Шәменов ауылы, №5 "Қарапирімі" разьезі.

**№134 учаске**  
**Орналасқан жері:** Қаракеткен ауылдық округі, Қаракеткен ауылы, Абай Құнанбаев көшесі №26, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің" №114 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
**Шекарасы:** Қаракеткен ауылы, Ақшал елді мекені.

**№135 учаске**  
**Орналасқан жері:** Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылы, Далдабай Жалтынов көшесі №49, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің" №115 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
**Шекарасы:** Далдабай ауылы.

**№136 учаске**  
**Орналасқан жері:** Таң ауылдық округі, Таң ауылы, Орынбай жырау көшесі №12, "Таң ауылдық округі әкімі аппаратының" "Таң ауылдық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.  
**Шекарасы:** Таң ауылы, Жанақоныс елді мекені.

**№138 учаске**  
**Орналасқан жері:** Бұқарбай батыр ауылдық округі, Бұқарбай батыр ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №21, "Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының" "Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік

казыналық кәсіпорнының ғимараты.  
**Шекарасы:** Шекарасы: Бұқарбай батыр ауылы.

**№139 учаске**  
**Орналасқан жері:** Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылы, Тұршабек Елеусинов көшесі №14, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің" №116 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
**Шекарасы:** Ақсу ауылы, Қорғанша, Бостай, Ахметбаза елді мекендері.

**№140 учаске**  
**Орналасқан жері:** Аққыр ауылдық округі, Аққыр ауылы, Нұрылда Таспенев көшесі №4, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің" №188 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
**Шекарасы:** Аққыр ауылы.

**№141 учаске**  
**Орналасқан жері:** Жаңаталап ауылдық округі, Жаңаталап ауылы, Өбжәлел Қожабаев көшесі №21, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің" №119 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
**Шекарасы:** Жаңаталап ауылы.

**№142 учаске**  
**Орналасқан жері:** Мақпалкөл ауылдық округі, Темірбек Жүргенов ауылы, Мақсұт Нұрылдаев көшесі №38, "Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратының" "Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.  
**Шекарасы:** Темірбек Жүргенов ауылы.

**№144 учаске**  
**Орналасқан жері:** Мәдениет ауылдық округі, Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №11 "А", "Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының" "Мәдениет ауылдық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.  
**Шекарасы:** Мәдениет ауылы.

**№146 учаске**  
**Орналасқан жері:** Мырзабай ахун ауылдық округі, Мырзабай ахун ауылы, Өбділда Жүргенбаев көшесі №28, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің" №122 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.  
**Шекарасы:** Мырзабай ахун ауылы.

**№147 учаске**  
**Орналасқан жері:** Аққұм ауылдық округі, Аққұм ауылы, Бейбітшілік көшесі №7 "А", "Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратының" "Аққұм ауылдық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.  
**Шекарасы:** Аққұм ауылы.

**№149 учаске**  
**Орналасқан жері:** Еңбек ауылдық округі, Еңбек ауылы, Төлеген Дәуітбаев көшесі №5, "Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының" "Ақошқар ауылдық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.  
**Шекарасы:** Еңбек ауылы.

Stories – 10000 теңге  
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

\*\*\*  
Республикалық «Ақмешіт жастары», Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы», Арал аудандық «Толқын», Қазалы аудандық «Қаз

Сұхбат

Мақсұт АЛМАСОВ, «Жалағашсушар» өндірістік учаскесінің басшысы:

СУДЫ ЕСЕПСІЗ ТҰТЫНУҒА ЖОЛ БЕРМЕГЕН ЖӨН

Жалағаш ауданының су шаруашылығының өркендеу тарихы әрде жатыр. Сол уақыттан бері ауданның ауыл шаруашылығы саласымен біте қайнасақан бұл салада білікті кадрлар еңбек етті. Әлі де су шаруашылығы аграрлық ауданда өзіндік маңызын жоғалтқан жоқ. Кәсіби мереке қарсаңында саланың өткен тарихы мен бүгінгі тынысына қатысты «Жалағашсушар» өндірістік учаскесінің басшысы Мақсұт Алмасов бірқатар сауалымыздың түйінін тарқатты.



— Мақсұт Қорғанбекұлы, алдымен өзіңіз басшылық ететін еңбек ұжымын төл мерекелеріңізбен құттықтаймын! Енді әңгімені әрден бастасақ, жалпы Жалағаштың су шаруашылығы тарихы қалай қалыптасты?

— 1925 жылға дейін әсіресе облыстық солтүстік аудандарында өлген шаруашылығы өркендеп үлгермеген еді. Сырдария өзенінің суы еркін ағып жатқанда өзеннің тасқын суларын немесе одан жиналған көл суларын пайдалана отырып егін еккен майда елді мекендер мен шаруа иелері болған. Олар дарияның оң жағалауында орналасқан Бөлекхан, Қысықарық, Ақарық, Белсенді, Елтай, Емберген, Қараиірім арықтарының бойын және дарияның сол жағалауында орналасқан Сасықарық, Шонық, Қорғанша, Қызылжарма, Аюжарма және Мәдениет секілді арықтарды пайдаланған. Оның бәрі шағын елдің күнкөрісі есебіндегі суармалы жерлердің негізін қалаған болатын. 1928-1930 жылдары Аламекектің болысы Жолшара Талдыбаевтың басқаруымен сағасын дариядан алған Мәдениет каналының ізі халық күшімен қазылып, Актікен төбесінен әрі жазыққа құлатылады. Кейін ол Шіркейлі каналының жалғасына айналып, сол тармақ каналдың ізін қалайды. Көрген ел басшылары мен мұрабтардың белсенділерінің арқасында дария бойынан алынатын Шонық арығы, Сасықарық, Елтай тағы басқа ірі каналдар пайда болады. Осылайша ел өмірінде көңіл бөле бастады. Нәтижесінде келешек су жүйелерін біріктіру, оларды басқару қажеттігі, өмірге енді. Бұл жүйелерді реттеу 1950 жылдарға дейін аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бөліміне жүктелді.

Заман ағымына байланысты облыста 1950 жылы облыстық су шаруашылығы басқармасы құрылды. Дәл осы жылы Қазағы, Сырдария су шаруашылығы басқармасы ашылуына байланысты Жалағаш ауданында су шаруашылық бөлімшесі құрылды. 1956 жылы 18 маусымда Қазақ ССР министрлер кеңесінің №346 қаулысымен Жалағаш қыстағынан су шаруашылығы басқармасы ашылды. Басқарма Жалағаш, Қармақшы аудандарының су жүйелерін біріктірді. Осы кезде Жалағаш су шаруашылығы басқармасы алғаш мамандармен, техник-гидротехниктермен толыға бастады. Бас-аяғы 2-3 жылда Жорабек Тәнібаев, Сәуар Қалтаев, Мырқы Ишанбеков, Молдағали Байділдаев, Нұрғазы Иманбердиев, Жаңаберген Ембергенев, Серікбай Жүсіпбеков, Жарылқан Қожагелдиев, Нұрат Алжанов, Тольбек Оспанов, кейін Нұрділда Ермханов, Қуандық Жармаханов, Мақсұт Қалыбаев сынды басқа да мамандармен толығып, беделді мекемеге айналды, дәл осы тұста Жалағаш су шаруашылығы басқармасының негізі қаланды.

— Жалпы аудандағы егістің жер көлемін ұлғайтуда сол кездегі сала мамандарының жұмысына қандай баға бересіз?

— Су шаруашылығындағы негізгі жұмыстар ыңғайластырылғаннан кейін күршіткі жерлерді тегістеу басталды. Ол үшін 1961 жылы ашылған «Қызылорда СМУ» мекемесінің 1963 жылы Жалағаш бөлімшесі ашылды. Оның алғашқы басшысы болып Нағымт Мырзалиев тағайындалды. Міне, осынаша уақытта инженерлік жүйемен жоспарланған ірілі-ұсақты су беретін каналдар мен қашырқылар жүйесі және тегістелген атырлар жүйесі даярланып, жыл сайын 1500-2000 гектар егістік жер пайдалануға берілді. Облыс көлемінде тегістелген жерді қабылдап алатын комиссияның төрағасы, облыстық су шаруашылығының бастығы Сабыр Арыстанбаевтың қатаң талабының арқасында жұмыс сапалы жүрді. Осындай қиын шақта Жалағаш су шаруашылығы басқарған Сәуар Қалтаев кезінде өзі жасап, қол қойған жоспарының орындалғанын көріп үлгерді.

1976-1996 жылдары Жалағаш суландыру жүйелері басқармасының басшысы Иса Жидебаев болды. Ол кезде суландыру жүйелері тәртіпке келтіріліп болған еді. Аудан шаруашылықтары 40 мың гектарлық егістік алқапты, оның ішінде 18 мың гектар егістік жерде күрші дақылдың егетін дәрежеге жетті. Аудан бойынша мемлекетке 800 мың центнер астық тапсырып, Еңбек Ерлері мен жоғары марапат

иелері шықты.

1990 жылдардың басында аудандық су шаруашылығы мекемесі де реформаның біршама қиындығын басынан өткізді. Сол жылдары 32 млн теңге қарыз шаруашылықтардан өтелмей қалды. Бірақ мекеме шығынға ұшырамай аман қалды. Бұрын 13 шаруашылыққа 37 гидропостыңдан су өлшеніп берілсе, қазір су пайдаланушы шаруашылықтар саны 141-ге жетті. Осынаша жұмысты игергені үшін су пайдалану бөлімінің басшысы Жақсылық Сейтжановтың соңғы он жылдағы еңбегін ерекше атап өту керек.

— Бүгінде өзіңіз басшылық ететін ұжымның негізгі қызметі қандай?

— 2025 жылы 5-қантарда «Қазушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалының «Жалағашсушар» өндірістік учаскесіне басшы болып тағайындалдым. Біздің негізгі міндет — су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының тиісті техникалық жай-күйін қамтамасыз ету, шартқа сәйкес су пайдаланушыларды белгіленген мерзімде сумен қамтамасыз ету, су пайдаланушылармен келісім бойынша су бөлетін орындарда су өлшеу құрылғыларын орнату, су объектілерінің ластануға, сарқуына, судың зиянды әсеріне жол бермейтін шараларды жүзеге асыру. Учаскеде 90 жұмысшы-қызметкер еңбек етеді.

Учаске есебінде шаруашылықаралық каналдарының жалпы ұзындығы 213,5 шақырымды құрайды. Оңтүстік және солтүстік қашырқының барлығы 32,8 шақырымға тең, 25,8 шақырым қызметтік жолдар, 84,5 шақырым Сырдария өзенінің бойында қорғаныс бөгеттері, 7 қызметтік тұрғын үйі, 64 дана су өлшеу гидробөгеті, 58 дана гидротехникалық құрылыс, 9 дана жеңіл және жүк көлігі қызмет жасайды.

— «Су беру қызметінің тарифтік саясаты жетілдірілді» дейміз. Жалпы бұған қатысты төрағалардың да өз айтары барын байқап жүрміз. Бұл не үшін қажет болды?

— Су ресурстарын тиімді басқару және су беру қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында тарифтік саясатты жетілдіру бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Биыл 27 наурызда ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің №93-НҚ бұйрығымен Су ресурстары және ирригация министрілігі Су шаруашылығы комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қазушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының реттеліп көрсетілетін арналар арқылы су беру қызметіне арналған тарифтері мен тарифтік сметасына өзгерістер енгізіліп, жаңа редакцияда бекітілді. Аталған бұйрық ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңының талаптарына сәйкес қабылданып, су беру қызметінің экономикалық негізділігін қамтамасыз етуге, су шаруашылығы ұйымдарының тұрақты жұмыс істеуіне және су инфрақұрылымын күтіп-ұстау мен жаңғырту жұмыстарын сапалы жүзеге асыруға бағытталған.

Жаңартылған тарифтік саясат су беру қызметінің тиімділігін арттыруға, гидротехникалық нысандарды күтіп-ұстауға, су шаруашылығы жүйесін кезек-кезеңімен жаңғыртуға және тұтынушыларға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Суды арналармен беру қызметінің ауыл шаруашылық тауарын өндірушілерге 2026 жылға суармалы судың бір текше метр 1,8096 теңге, 2027 жылға бір текше метр 2,083 теңге (КҚС-қоса алғанда), 2028 жылға бір текше метр 2,250 (КҚС-қоса алғанда) болып бекітілді.

— Ауданда суармалы жерлердің тиімділігін арттыру мақсатында қандай инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда?

— Жалағаш ауданының су шаруашылығы соңғы онжылдықта ауқымды жаңғырту жұмыстарымен ерекшеленіп келеді. Суармалы жерлердің инженерлік инфрақұрылымын жетілдіру, ирригациялық және дренаждық жүйелерді қалпына келтіру, су үнемдеу технологияларын енгізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыстар өңірдің ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға, су ресурстарын ұтымды пайдалануға және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.

1999-2002 жылдары «Ирригациялық және дренаждық

жүйелерді жетілдіру» жобасының бірінші кезеңі аясында Жалағаш ауданының Аққум ауылдық округіндегі көлемі 1034 гектарды құрайтын №6 ауыспалы егіс жүйесінде қайта жаңғырту жұмыстары іске асырылды. Кейінгі кезеңде жүзеге асырылған ИДЖЖ-2 жобасы аясында аудан бойынша жалпы көлемі 15 123 гектар инженерлік жүйеге келтірілген суармалы жер пайдалануға берілді. Оның ішінде Аққум ауылдық округінде 2273,89, Бұқарбай батыр ауылдық округінде 6036,85, Мәдениетте 3051,6, Таңда 3760,66 гектар жер пайдалануға берілді.

2019-2025 жылдары «ИДЖЖ-2» жобасының жалғасы ретінде «Мелиоратор-Қазақдорстрой Ақсу» консорциумымен жалпы құны 11,24 млрд теңгеден асатын келісім-шарт негізінде ирригациялық-дренаждық жүйелерді жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Жоба аясында 1755,067 шақырым каналдар мен қашырқылар механикалық тазартылып, 14 676 су реттеу құрылысы күрделі жөндеуден өткізілді. Нәтижесінде су шығыны азайып, су тарату мен реттеу тиімділігі едәуір жақсарды.

— Басқа да қандай ауқымды жобалар бар?

— «Суармалы жерлерді қайта айналдыру қосу» жобасы бойынша ауданда 4220,81 гектар жерді қалпына келтіру көзделіп отыр. Оның ішінде 3813,53 гектар инженерлік суармалы жер және 407,27 гектар жайылымдық жер қайта пайдалануға беріледі. Барлық гидротехникалық нысан заң талаптарына сәйкес рәсімделіп, республикалық меншікке өткізілді және «Қазушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалының теңгеріміне қабылданды. Жоба аясында Ақсу ауылдық округінде 1051,81, Қаракеткенде 241, Жаңатағалта 357,14, Мақпалкөлде 476,86, Мырзабай ахун ауылдық округінде 2094 гектар жер қайта айналдыруға енгізіледі.

«ИДЖЖ-3» жобасы аясында Жалағаш ауданында жалпы көлемі 14049,72 гектар суармалы алқаптың инженерлік жүйелерін қалпына келтіру жұмыстары жоспарланған. Жоба шеңберінде әртүрлі санаттағы ирригациялық каналдар мен қашырқылар жөнделіп, олардың су өткізу қабілеті қалпына келтіріледі. Нысандарды коммуналдық меншікке өткізу және кейін тиімді пайдалану бағытындағы жұмыстар кезек-кезеңімен жүзеге асырылуда.

— Суды есеппен тұтынуға жол бермеген жөн. Соңғы жылдары аяқсудың айтарлықтай мәселеге айналғанын жақсы білесіз. Оны үнемі пайдалануға салаға қандай жаңалықтар енгізуде?

— Су ресурстарын ұтымды пайдалану мақсатында заманауи су үнемдеу технологиялары да белсенді енгізілуде. Қаракеткен ауылдық округіндегі Солтүстік суландыру каналы бойында «АА АГРО Қызылорда» ЖШС жаңбырлатып суару технологиясын қолданып, 7100 гектар алқапқа жүгері мен мал азықтық дақылдарды орналастырды. Алдағы уақытта аталған егіс көлемін 20-30 мың гектарға дейін ұлғайту жоспарланып, жерлерді тегістеу және инженерлік даярлау жұмыстары жүргізілуде.

Аудан шаруашылықтары жыл сайын шамамен 15 мың гектар суармалы жерге лазерлік тегістеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Бұл технология суды ретсіз тұтынуды азайтып, егістік алқаптарына судың біркелі тартылуына және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары су ресурстарын тиімді пайдалану және суармалы жерлерге су жеткізу сапасын арттыру мақсатында ауданда суару инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жаңа деңгейге көтерілді. Атап айтқанда, биыл аудан аумағындағы магистральдық және шаруашылықаралық каналдарды бетондау жобалары кезек-кезеңімен іске асырылуда. Бұл жұмыстар су ысырабының алдын алып, каналдардың су өткізу қабілетін арттыруға, пайдалану шығындарын азайтуға және суару жүйелерінің ұзақмерзімді әрі сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Ауданда жалпы ұзындығы 28,6 шақырымды құрайтын 5 каналды бетондау жобасы әзірлену үстінде. Жобалардың жалпы құны 6,311 млрд теңгені құрайды. Оның ішінде Еңбек ауылдық округіндегі Бегалы каналының 2,5 шақырымы (642 млн теңге), Мақпалкөл ауылдық округіндегі Солтармақ

каналының (ПК312-ПК381 аралығы) 6,9 шақырымы (1,86 млрд теңге) және Бозарық каналының 9,6 шақырымы (1,7 млрд теңге), Бұқарбай батыр ауылдық округіндегі ПВ-5Б-10 каналының 7,3 шақырымы (1,379 млрд теңге), сондай-ақ Р-15 каналының 2,3 шақырымы (730 млн теңге) бетондауға ұсынылып отыр. Аталған жобаларды іске асыру нәтижесінде каналдардағы судың сүзгіленуінен болатын шығындар едәуір қысқарып, суармалы алқаптарға судың тұрақты әрі тиімді жеткізілуі қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар гидротехникалық нысандардың пайдалану мерзімі ұзарып, су ресурстарын басқарудың тиімділігі артып, өңірдің ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты дамуына және су қауіпсіздігін нығайтуға маңызды үлес қосады.

Жалпы ауданның су шаруашылығы саласында су ресурстарын тиімді басқару, инженерлік инфрақұрылымды жетілдіру және ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету жолында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл игі бастамалар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосуда. Суару маусымын сапалы ұйымдастыру, су ресурстарын ұтымды пайдалану және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін сумен тұрақты қамтамасыз ету бағытында кешенді жұмыс бар. «Қазушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда филиалының «Жалағашсушар» өндірістік учаскесі су шаруашылығы инфрақұрылымын тиімді пайдалану, су тапшылығы жағдайында суды әділ бөлу және гидротехникалық нысандардың сенімді жұмысын қамтамасыз ету бағытында тиісті іс-шараларды жүзеге асырып келеді.

— Бытыр шаруалар үшін вегетациялық кезең күрделі болды. Биыл су деңгейі қалай?

— Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қаннастары бөлімінің жоспары негізінде шаруашылықтардың егіс орналастыру өтінімі бойынша 2026 жылы 34 396,95 гектар ауыл шаруашылығы алқабын сумен қамтамасыз ету жоспарланған. Оның ішінде 16 800 гектар күрші, 5 065 гектар жаңа жоңышқа, 8 355 гектар ескі жоңышқа, 595 гектар мақсары, 576 гектар жаздық бидай және 3005,95 гектар басқа да ауыл шаруашылығы дақылдары бар. Сол жоспары бойынша «Жалағашсушар» өндірістік учаскесі аудан бойынша 208 ауыл шаруашылығы құрылымының су пайдалану өтінімі қабылданып, оның ішінде 163 шаруашылық құрылымымен су жеткізу жөнінде келісім-шарт жасалды. Келісім-шартқа сәйкес жалпы егіс көлемі 29 147,58 гектарды, оның ішінде күрші егісі 15 736,38 гектарды құрады.

Ауданға 2026 жылы су алу науқанына жалпы көлемі 962,910 млн текше метр су лимиті бөлінді. Оның ішінде 759,910 млн текше метр тұрақты суаруға, 203 млн текше метр экологиялық мақсаттарға қарастырылған. Су пайдалану жоспары 984,395 млн текше метрді құрап, оның 781,395 млн текше метрі егістік алқаптарын суаруға, 203 млн текше метрі экологиялық қажеттіліктерге бағытталды.

2026 жылы 30 маусымдағы жағдай бойынша ауданда 582,307 млн текше метр су жеткізіліп, оның 575,988 млн текше метрі тұрақты суаруға, 143 млн текше метрі экологиялық мақсаттарға жұмсалды. Нақты пайдаланылған су көлемі 497,546 млн текше метрді құрады. Оның ішінде 354,546 млн текше метр ауыл шаруашылығы дақылдарын суаруға, 143 млн текше метр экологиялық су жіберуге пайдаланылды.

Суару маусымына дайындық шеңберінде су шаруашылығы инфрақұрылымын күтіп-ұстау және жөндеу жұмыстары толық көлемде жүргізілді. Атап айтқанда, Сол тармақ жүйесіндегі Ибрагим каналы бойындағы бір гидротехникалық құрылысқа ағымдағы жөндеу жүргізіліп, каналдың 2,6 шақырымы механикалық әдіспен тазартылды. Сонымен қатар Оң тармақ жүйесіндегі Шонық (ПВ-5В) каналының 5,2 шақырымы тазартылып, №78 және №381 гидротехникалық құрылыстарына ағымдағы жөндеу жұмыстары орындалды. Бұдан бөлек Қараөзек арнасынан бастау алатын Солтүстік суландыру каналының 3,3 шақырымы механикалық тазартудан өткізілді. Бұл жұмыстар алдағы суару маусымында судың каналдар арқылы кедергісіз өтуін қамтамасыз етуге, су шығынын азайтуға және шаруашылықтарды тұрақты сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Су тапшылығының алдын алу мақсатында «Қазушар» РМК Қызылорда филиалының «Жалағашсушар» өндірістік учаскесінде қажетті техникалық резерв қалыптастырылған. Қазіргі таңда өндірістік учаске базасында СНП-500/10 үлгісіндегі 7 дана, СНП-750/10 үлгісіндегі 8 дана дизельді сорғы қондырғысы және 5 дана электрлі сорғы қондырғысы, барлығы 20 дана насос қондырғысы дайын тұр. Аталған қондырғылар су тапшылығы туындауы ықтимал учаскелерге шаруашылықтардың сұранысы және аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қаннастары бөлімінің келісу негізінде шаруашылықтарға жеткізіледі.

Жалпы ауданның су шаруашылығы саласында жүргізіліп жатқан жұмыстар су ресурстарын тиімді басқаруға, ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге және өңірдің су қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған. Суару жүйелерін жаңғырту, гидротехникалық құрылыстарды күтіп-ұстау, су үнемдеу технологияларын енгізу және инфрақұрылымды кезек-кезеңімен жетілдіру жұмыстары алдағы уақытта өз жалғасын табады. Бастысы, ауданда сумен қамтуда нәтижелі жұмыс бар, мұның бәрін әріптестеріміз еңбегімен байланыстырамын.

— Сұхбатыңызға рақмет!

Өңгімелескен Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Газеттің келесі саны 14 шілде, сейсенбі күні шығады.

Menşik nesі: SYR MEDIA жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Бас директор Марат АРАЛБАЕВ. Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы. Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ. Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36, Бас редактор - 32-0-41, Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75. Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қорында 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертификатталған. Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты. Газет редакцияны компьютер орталығында терініп, беттеліп, «ASU» баспа й» ЖШС сәнімгерлік бас аруында «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242)/ 40-06-68. Газетті таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8(7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2808 Тапсырыс №1155. Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal\_jarsh@mail.ru. Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ